

Критериалды бағалау жүйесін енгізуге қатысты
2020-2021 оқу жылының 1 тоқсан қорытындысы бойынша есебі
Көктөбе жалпы орта білім беретін мектебі

№	Сұрақ	Есептік ақпарат	Орындалу деңгейі				
			1	2	3	4	5
1	Критериалды бағалау жүйесі бойынша нормативтік құжаттар.Критериалды бағалау жүйесі бойынша нормативтік құжаттарға қатысты қандай түсіндіру жұмыстары жүргізілді?	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты Оқу бағдарламасы мен оқу жоспары; Білім алушылардың білімін бағалау критерийлері; Білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау тәртібі; Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық; Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық; Пәндерге қатысты қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы; Пәндерге қатысты жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар; Пәндерге қатысты тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13-тамыздағы №345-бұйрығына 2-қосымшы, 3-қыркүйектегі № 381 бұйрығына 1-қосымша Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар:кезекші сыныптардың оқу үрдісін ұйымдастыру,қашықтықтан оқытатын сыныптардың оқу үрдісін ұйымдастыру жөнінде мұғалімдерге ұсыныстар берілді. 1-тоқсанда 0-4сыныптар кезекші сыныптарға қамтылды, барлық оқушы саны-179. Сабақ 40 минуттан өткізілді. 5-11					

		<p>сыныптарда оқу үрдісі қашықтықтан өткізілді. Мектептің барлық оқушылары мен мұғалімдеріне Online.edu.kz платформасының логин,құпия сөздері беріліп,100% осы білім беру платформасында жұмыс жасады.Пән мұғалімдері асинхронды форматта электронды платформаның мүмкіндіктері арқылы білім алушылармен өзара әрекеттесіп, өз бетінше оқуға арналған контент және оған мұғалімнің кері байланысын көздейтін оқу тапсырмаларынан қолданды. Тікелей трансляцияда синхронды формат негізінде оқыту үшін оқу процесін асинхронды оқыту форматымен үйлестіре отырып сабақ өткізген де мұғалімдер бар. Олар СанҚжН-ға сәйкес сабақтың 10-15 минутын жаңа тақырыпты түсіндіру үшін қажетілігі бойынша қолданды. Пән мұғалімдерінің 90% сабақтарды тек асинхронды форматта өткізді. Асинхронды форматтағы сабақ дайындау барысында пән мұғалімдері күнделікті: сабақтың түрін, мақсатын анықтайды; сабақтың мақсатына сәйкес оқу материалын дайындайды (электронды оқулықтар, бейнематериалдар, ТВ-сабақтар, презентациялар және т. б.); мұғалім оқу процесінде интернет-платформада орналасқан материалдарды ғана емес, сонымен қатар өзінің оқу материалдарын да пайдаланады; оқушыға өздігінен оқуы үшін оқу материалын ұсынады;</p>					
2	Мектепте қалыптастырушы бағалауды енгізу мен қолданудың	Қалыптастырушы бағалау нәтижелері күн сайын электрондық журналға балл түрінде қойылады. Сабақ барысында қалыптастырушы бағалауға балл қойылатын білім					

	пайдалы жақтары мен қиындықтары қандай?	алушылардың санын мұғалім өзі анықтайды. Қалыптастырушы бағалау үшін ең жоғары балл 2-11 сыныптарда 10 балдан аспайды, бұл ретте 1-3 балл төменгі деңгей критерийлеріне сәйкес келеді, 4-7 балл – орта деңгей, 8-10 балл – жоғары деңгей. Мұғалім күн сайын журналда білім алушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуін берілген саралауға сәйкес балл түрінде белгілейді. Кеңейтілген кері байланыс үшін мұғалім оқушының электронды күнделігі арқылы түсініктемелер түрінде ұсынылатын айдарларды қолданады. Қалыптастырушы бағалаудың ұпай түрінде қойылуы мұғалім үшін де, оқушы үшін де тиімді және ол тоқсандық бағаны шығаруға да әсер етеді.					
3	Ата-аналармен қандай түсіндіру жұмыстары жүргізілді?	Жыл басында әр сыныпта ата-аналар жиналысы өткізіліп, ата-аналарға арналған нұсқаулықпен таныстырылды. Барлық ата-анада онлайн-мектеп, күнделік.kz –ке кіру қолжетімді. Оқушылардың ата-аналары мектеп пайдаланатын білім беру платформасы туралы, сабақ кестесі туралы хабарланды; - сабақ үшін қажетті жағдайлар туралы мәселе түсіндірілді (жұмыс орнын және жабдықтарды қамтамасыз ету, тыныштықты сақтау, жұмыс жағдайын қамтамасыз ету, бөгде шуды болдырмау).					
4	Білім алушылар арасында қандай түсіндіру жұмыстары жүргізілді? Білім алушылар үшін қандай жеке қолдау көрсету жұмыстары	Мектепте барлық оқушының интернетке шығуға мүмкіншілігі бар, Барлығы компьютермен қамтылған. Оқушыларға синхронды және асинхронды форматта ескере отырып, сабақ кестесін сақтау және сабақ күнін жоспарлау жөнінде түсіндірілді. Олар белгіленген кестеге сәйкес материалдарды оқиды және пәндер бойынша оқу тапсырмаларын орындайды.					

	<p>ұйымдастырылды? Пайдалы жақтары мен қиындықтары қандай?</p>	<p>Интернет - платформалардың, электрондық журналдардың мүмкіндіктері арқылы жауаптарды тіркейді немесе қолжетімді байланыс түрлері арқылы жібереді.</p> <p>Мұғалімнің тапсырмалар бойынша түсініктемелерін оқып, оның ұсыныстарын орындайды.</p> <p>Сынып жетекшісімен байланыста болады.</p> <p>мұғалімдермен кез-келген қол жетімді режимде жұмыс істейді, егер қажет болса, туындаған сұрақтарды мұғалімге жібереді.</p> <p>Компьютерлік техникамен үздіксіз жұмыс істеу ұзақтығына қатысты санитарлық нормаларды сақтайды.</p>					
5	<p>Мектепте бөлім/ортақ және тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу</p>	<p>«Білім алушылардың үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес бағалау өткізілді. Бірінші тоқсанда педагогтер 2-11 сыныптарда бөлімге 1 жиынтық жұмыс және тоқсанға 1 жиынтық жұмыс өткізді.</p> <p>БЖБ 2-11 сыныптарда 2020 жылдың 5-15 қазан аралығында ТЖБ 2-11 сыныптарда 2020 жылдың 28 қазаннан бастап бекітілген кесте бойынша өткізілді.</p> <p>Пән мұғалім оқу бағдарламасына сәйкес, бірінші тоқсанда өткен оқу материалының мазмұны бойынша жиынтық жұмыстардың тапсырмаларын әзірледі. Барлық жұмыстар кесте бойынша өткізіліп, тоқсандық бағалар шығарылды. Пән мұғалімдері 2020 жылғы 6-сәуірдегі №130-бұйрықтың 8-қосымшасына сәйкес жиынтық бағалау жүргізу қорытындылары бойынша талдау туралы мәліметтерін жасап, тапсырды. Соның негізінде мектептің жалпы 1-</p>				4	

		тоқсандағы қорытынды талдауы жасалды.					
7	Сабақтарға қатысу, өзара сабаққа қатысу.(санын көрсету) Мектептегі сабаққа қатысу қалай ұйымдастырылған? Қандай жұмыстар жоспарланған?	0-4 кезекші сыныптарда сабақ екі кезеңде жүргізіледі. Бастауыш сынып бойынша директорының орынбасары А.Б.Шакиева 10-сабаққа, 5-11-сыныптарда С.С.Изатова 10-сабаққа қатысты. Сабақтарға қатыса отырып сабақ кезеңдеріне байланысты туындаған мәселелер талданып, мұғалімдермен кері байланыс жасалды. Сабаққа қатысу кезінде мұғалімнің қысқа мерзімді жоспарды құрастыруы, оқу мақсатына сәйкес сабақ мақсатының дұрыс қойылуы, ресурстардың мақсатқа сай таңдалуы зерделенді. Осы мақсатта кері байланыс жасалды. Өзара сабаққа қатысу ұйымдастырылды: бастауыш сынып мұғалімдері А.Жаксылыкова, Б.Омарова, Б.Кадылқумарова, физика пәні мұғалімі Тажығұл А сияқты жас мамандарды тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатыстыра отырып нақты сабақ құрылымын көрсетіп, талдадық. А. Ташенова, Ғ.Сейлханова, А.Баянбаева, А.Шакиева сияқты тәжірибелі мұғалімдер өз сабақтарында сабақ құрылымының әр кезеңін көрсете отырып тәжірибелерімен бөлісті. Тәлімгер мұғалімдер жас мамандардың сабақтарына қатысты.					
8	Критериалды бағалауға қатысты сұрақтар бойынша форумдарға қатысуы, критериалды бағалау бойынша әдістемелік жұмыстар	Қазан айында директор жанындығы отырыста қалыптастырушы бағалауды іске асыру шаралары, 1-тоқсан қорытындысы бойынша туындаған қиыншылықтар, БЖБ, ТЖБ өткізу мәселелері қаралды.					

9	Критериалды бағалауға қатысты сұрақтар бойынша мектеп үйлестірушілері мен мұғалімдері үшін іс-шаралар ұйымдастыру. Қандай іс-шаралар (оқыту семинарлары, тренингтер, шеберлік сыныптары және т.б.) өткізілді?	Қыркүйек айында «Критериалды бағалау ерекшеліктері» туралы ақпараттармен бөлісу мақсатында мектепшілік оқыту семинары өтті. Қазан айында «Сабақтағы кері байланыс », қараша айында «Бағалау: өзара бағалау,өзін-өзі бағалау, мұғалімнің бағалауы» тақырыбында мектепшілік семинар өтті.Жас мамандарға қысқа мерзімді жоспарды құрастыру бойынша пән бірлестік отырыстарында кеңес берілді.				4	
10	Әдістемелік материалдарға мұғалімдердің пікірлері	ТЖБ тапсырмалардың техникалық спецификациясы негізінде тоқсан үшін жиынтық жұмыстың тапсырмаларын құрастырды. Орындауға 40 минуттан артық емес уақыт бөлінді; ТЖБ тапсырмалардың техникалық спецификациясы негізінде Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийін құрастырды;					
12	Мектептің ұсыныстары мен сұрақтары, қажеттіліктері, ұсынымдары						

Мектеп үйлестірушісі Изатова Салтанат Саулебековна
Шакиева Алмагуль Бахытбековна